



Қазақстан Республикасының
Экология және табиғи ресурстар
министрлігі

«Қазгидромет» Республикалық
Мемлекеттік кәсіпорны

ҚАЗАҚСТАН ТЕРРИТОРИЯСЫНДАҒЫ ОРТАША АЙЛЫҚ АУА
ТЕМПЕРАТУРАСЫ ЖӘНЕ АЙЛЫҚ ЖАУЫН-ШАШЫН
МӨЛШЕРІНІҢ АНОМАЛИЯСЫ: 2025 ЖЫЛДЫҢ
МАМЫР АЙЫНА АРНАЛҒАН
АЙЛЫҚ БЮЛЛЕТЕНІ

Астана, 2025

КІРІСПЕ

Өңірлік климатты зерттеу және оның өзгеруінің тұрақты мониторингі.

«Қазгидромет» РМК Қазақстанның ұлттық гидрометеорологиялық қызметінің басым міндеттерінің бірі болып табылады. «Қазгидромет» РМК Қазақстан аумағы бойынша ауаның орташаайлық температурасының және атмосфералық жауын-шашынның айлық мөлшерінің ауытқуларын бағалау келтірілген ай сайынғы бюллетеньдерді шығаруды жүзеге асырады.

Бюллетеньді дайындау үшін «Қазгидромет» РМК метеорологиялық мониторинг желісіндегі бақылау деректері: 1941 жылдан бергі кезеңде ауаның орташа айлық температурасының және жауын-шашынның айлық жиынтығының қатары пайдаланылады.

Жер бетіндегі ауаның орташа айлық температурасының және жауын-шашынның айлық жиынтықтарының аномалиялары нормаға қатысты – ағымдағы климаттың аномалиясы дәрежесін мониторингілеу үшін базалық ретінде Дүниежүзілік метеорологиялық ұйым ұсынған 1991–2020 жыл кезеңіне есептелген орташа көпжылдық мәндерге қатысты анықталды. Ауа температурасының ауытқулары байқалған мәннің нормадан ауытқуы ретінде есептеледі. Жауын-шашын мөлшерінің ауытқулары норманың пайызында, яғни түскен жауын-шашын мөлшерінің норманың тиісті мәніне пайыздық қатынасы ретінде ұсынылады.

Климаттық экстремумдарды сипаттау үшін карталар келтіріледі, онда әрбір станция үшін 1941 жылдан бастап ағымдағы жылға дейінгі кезеңде қаралатын айнымалы уақыт қатарындағы ағымдағы мәннен аспаудың эмпирикалық ықтималдығының ауқымы көрсетіледі (аспаудың эмпирикалық ықтималдығы – бұл ағымдағы мәннен кіші немесе оған тең уақытша қатар мәндерінің үлесі). Егер айнымалының ағымдағы мәнінен аспау ықтималдығы шекті диапазондарға түссе (0–5 % немесе 95–100 %), онда бұл мән 1941 жылдан бастап 5 % жағдайдан көп емес болған. Егер ауа температурасының ағымдағы мәнінен аспау ықтималдығы 0–5 % диапазонда болса, бұл осы жерде байқалған өте төмен температураны көрсетеді, егер 95–100 % диапазонда болса, онда, керісінше, өте жоғары температура. Егер жауын – шашын мөлшерін қарастыратын болсақ, онда бірінші жағдайда бұл олардың өте аз мөлшерін, екіншісінде-жауын-шашынның тым көп мөлшерін көрсетеді.

Шығарылымға жауапты:


*Г. Актаева – ФЗО КЗБ жетекші ғылыми қызметкері
Е. Аманулла – ФЗО КЗБ жетекші ғылыми қызметкері*

ОРТАША АЙЛЫҚ АУА ТЕМПЕРАТУРАСЫНЫҢ АНОМАЛИЯЛАРЫ


Мамыр айында Қазақстанның барлық аумағында ауа температурасының оң аномалиялары байқалды (1 – сурет). Ауа температурасының орташа айлық аномалиясы +2,47 °С (3 ранг) болды. Алдыңғы максимумдар 2020 және 2021 жылдың мамырында байқалды (1 – кесте). Солтүстік-батыстан (0,1 °С-тан Ұштаған МС – Атырау облысы) оңтүстік пен оңтүстік – шығысқа қарай (4,5 °С-қа дейін Қызылорда МС – Қызылорда облысы бойынша) ауа температурасының аномалияларының өсу үрдісі байқалады. Оңтүстік және оңтүстік-шығыс таулы және тау бөктеріндегі аймақтарда орналасқан 98 метеостанцияның мәліметтері бойынша өте жылы болды, ауа температурасының мәндері 95–100 % аспайтын ықтималдықпен «өте жылы» градацияға кірді (2 – сурет). Оның ішінде 32 метеостанцияда орташа айлық ауа температурасының рекордтық максималды мәндер орнатылды (2 – кесте).

1 – кесте. 1941 – 2025 жылдардағы ең жылы жылдар және 1991–2020 жылдарға қатысты есептелген ауа температурасының сәйкес орташа айлық аномалиялары

Ранг	Мамыр	t, °С
1	2021	3,54
2	2020	2,56
3	2025	2,47
4	2001	2,45
5	2008	1,50
6	2014	1,44
7	1977	1,37
8	2012	1,31
9	1961	1,30
10	1980	1,22



1 – сурет. 1991 – 2020 жылдардағы базалық кезеңге қатысты есептелген 2025 жылғы мамырдағы орташа айлық ауа температурасының (°С) аномалияларының кеңістіктік таралуы




2 – сурет. 1941 – 2025 жылдардағы кезеңге сәйкес есептелген 2025 жылғы мамырдағы ауа температурасының аспау ықтималдығының кеңістіктік таралуы

2 – кесте. 2025 ж. мамыр айында байқалған ауа температурасының орташа айлық көрсеткішінің рекордтары


№	Метеостанция	Облыс	Ауа температурасының жаңа максимумы, °С	Орташа айлық ауа температурасының бұрынғы рекорды, °С
1	Айдарлы	Алматы	22,3	22,1 (2001 ж.)
2	Алматы ОГМС	Алматы	20,8	20,6 (2008 ж.)
3	Тұрар Рысқұлов Ауылы	Түркістан	21,8	21,8 (2001 ж., 1961 ж.)
4	Ащысай	Түркістан	21,9	21,8 (2001 ж.)
5	Бақанас	Алматы	21,6	21,5 (2022 ж.)
6	Бесоба	Қарағанды	15,8	15,5 (2001 ж.)
7	Есік	Алматы	19,4	19,1 (2001 ж.)
8	Қазығұрт	Түркістан	23,1	22,6 (2001 ж.)
9	Қайнар	Абай	15,9	15,6 (2020 ж.)
10	Қапшағай	Жетісу	21,6	21,2 (1961 ж.)
11	Қарауыл	Абай	17,5	17,3 (2022 ж.)
12	Кеген	Алматы	13,2	12,9 (2008 ж.)
13	Қордай	Жамбыл	18,7	18,3 (2008 ж.)
14	Күйган	Алматы	21,3	21,1 (2008 ж.)
15	Құлан	Жамбыл	21,1	20,4 (2008 ж.)
16	Қырғызсай	Алматы	18,5	18,4 (2008 ж.)
17	Мойынқұм	Жамбыл	22,9	22,7 (2001 ж.)
18	Мыңжылқы	Алматы	6,0	5,6 (2008 ж.)
19	Нарынқол	Алматы	14,0	13,8 (1961 ж.)
20	Оз.Үлкен Алматы / БАО	Алматы	9,1	9,0 (2008 ж.)
21	Тараз / Жамбыл	Жамбыл	22,1	21,4 (2001 ж.)
22	Тасты	Түркістан	23,9	23,6 (2001 ж.)
23	Төле би	Жамбыл	22,3	21,8 (2001 ж.)
24	Түркістан	Түркістан	26,1	25,6 (2001 ж.)
25	Уюк	Жамбыл	23,3	23,0 (2001 ж.)
26	Шардара	Түркістан	25,8	25,6 (2001 ж.)
27	Шелек	Алматы	22,0	21,6 (2001 ж.)
28	Шолаққорған	Түркістан	22,8	22,4 (2001 ж.)
29	Шуылдақ	Түркістан	14,9	14,1 (2001 ж.)
30	Шымкент	Түркістан	23,3	22,9 (2001 ж.)
31	Жаланашкөл	Жетісу	22,4	21,6 (2022 ж.)
32	Шоқпар	Жамбыл	22,1	21,3 (2001 ж.)

АТМОСФЕРАЛЫҚ ЖАУЫН-ШАШЫННЫҢ АЙЛЫҚ МӨЛШЕРІ

Мамыр айында ел аумағында жауын-шашын тапшылығы байқалды (3 – сурет). Жауын-шашын тапшылығы 80 %-дан аз, кей жерлерде норманың 10–20 % - дан азы оңтүстік және орталық өңірлерде, батыс және оңтүстік-шығыс облыстардың басым бөлігінде, сондай-ақ Солтүстік Қазақстанның жекелеген аудандарында байқалды. Түркістан, Алматы және Павлодар облыстарының 6 метеостанциясында 0–5 % диапазонында аспау ықтималдығы бар мәндер тіркелді, бұл «өте құрғақ» градацияға сәйкес келеді (4 – сурет). Жауын-шашынның 120 % - дан астамы Солтүстік және шеткі шығыс және батыс өңірлерде, сондай-ақ Маңғыстау облысының басым бөлігінде байқалды. Нормадан екі есе асқан мәндер Солтүстік Қазақстан, Қостанай және Маңғыстау облыстарында байқалды. Осы аймақтардың бірқатар метеостанцияларында жағдайлардың «өте ылғалды» деп жіктелуіне мүмкіндік беретін 5 % асып кетпеу ықтималдығы байқалды. Солтүстік Қазақстан және Қостанай облыстарының 4 МС атмосфералық жауын-шашынның айлық сомаларының рекордтары жаңартылды (3 – кесте). Жауын-шашынның едәуір мөлшері Благовещенка МС (Солтүстік Қазақстан облысы) – 118,1 мм түсті, бұл норманың 396,3 % құрады.



3 – сурет. 2025 жылғы мамырдағы атмосфералық жауын-шашын мөлшерінің кеңістіктік таралуы (1991–2020 жж. кезеңге есептелген нормадан % бойынша)



4 – сурет. 2025 жылғы мамырдағы атмосфералық жауын-шашын мөлшерінің аспау ықтималдығының кеңістіктік таралуы. Ықтималдықтар 1941–2025 жылдар кезеңіне сәйкес есептелген

3 – кесте. 2025 жылдың мамыр айында түскен жауын-шашын мөлшерінің рекордтық көрсеткіштері

№	Метеостанция	Облыс	Жауын-шашынның айлық мөлшерінің жаңа рекорды, мм	Жауын-шашынның айлық сомасының бұрынғы рекорды, мм
1	Благовещенка	Солтүстік Қазақстан	118,1	99,8 (1953 ж.)
2	Пресногорьковка	Қостанай	89,7	84,0 (1963 ж.)
3	Рузаевка	Солтүстік Қазақстан	103,5	100,2 (2007 ж.)
4	Явленка	Солтүстік Қазақстан	92,9	86,8 (2011 ж.)